

Баймаганбетова К.Т¹, Джусупова А. Н.²

1.Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы

*2.Студент 4 курста, Жаратылыстану ғылымдары кафедрасы, мамандықтың
«География»*

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА ТОПТЫҚ ОҚЫТУ ФОРМАСЫН ҚОЛДАНУ

Қазақстан республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында еліміздің оқушыларына сапалы білім беру міндеті қойылған. Оны жүзеге асырудың бір жолы – оқыту процесінде топтық оқытуды қолдану болып табылады[1].

Топтық оқытудың мәні ХХ ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап ескерілген. Бірақ осы күнге дейін көп сұрақтар өз жауабын күтуде.[1].

Оқушылардың ұжымдық жұмыстарының бір түрі топтық жұмыс болып табылады. Топтағы жұмыс қағидаты мұндай жұмыс кезінде мұғалім орындайтын қызметтерді оқушыларға беруден тұрады: ақпараттық, ұйымдастырушылық, бақылаушылық (ішінара) және бағалаушылық. Оқу жұмысының топтық түрі оқу жұмысын бірлесе жоспарлауға, ақпаратты қабылдау және айқындау, талқылау, өзара бақылауға оқушылар тобын қатыстыруды болжайды. Жұмыстың бұл түрі оқушылардың бірыңғай тапсырмамен жұмыс жасауын болжайды. Жұмыс қарқыны топ құрамына байланысты болады.[3]

Барлық топтар жоғары нәтижелілікке жете бермейді. Оқушылардың топтағы тиімді өзара әрекеттестігін іске асыру үшін, оқу топтарын мақсатты қалыптастыру, жұмысты жоспарлауға қабілетті басшыларды (кеңесшілерді) мұқият іріктеу, оқушылармен қарым-қатынасты жақсарту қажет, мұғалім оқушылар жұмысын үнемі мұқият бақылап отыруы, оқу материалын талдау, жаттығуларды орындау кезінде ынтымақтасуға үйрету керек. Оқушылардың бірлескен оқу жұмысын табысты ұйымдастыру үшін олардың оқудан тыс кездегі қарым-қатынасын ескеру маңызды.[3]

Сыныптағы топтық жұмысты ұйымдастыру үшін тапсырмаларды орындау кезінде 3-6 адамнан, көп жағдайда 4 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Тапсырма жеке адамға емес, топқа беріледі. Топтарды әртүрлі белгілер бойынша құруға болады. Мысалы, әртүрлі деңгейдегі топтар танымдық белсенділіктері бірдей деңгейдегі оқушылардан құрылуы мүмкін. Бұдан басқа, топтар оқушылардың өз қалауы бойынша құрылуы мүмкін: ұқсас қызығушылықтары, жұмыс стилі, достық қарым-қатынастары және т.б. бойынша. Топтағы жұмыс кезіндегі оқушылардың рольдері әртүрлі бөлінуі мүмкін. Рольдің орындалуы топ қатысушысының жеке-дара қасиеттеріне байланысты. Бұл үдеріске баланың әлеуметтік-психологиялық мінездемесі де

әсер етеді. Мысалы, сыныптағы төмен дәрежелі оқушы рольді қабылдау кезінде мұғалімнің көп көңіл бөлгенін және қолдауын талап етеді. Оқушылардың топтар бойынша жұмысы кезінде мұғалім келесі позицияларда болады: жетекші, топ «режиссері» болу; топтың бір қатысушысы қызметін атқару; топтық жұмыс барысы мен нәтижелерін қадағалаушы және бағалаушы сарапшы болу; топтар жұмысын бақылаушы болу. Басында мұғалім оқушының тапсырманы топта бірлесе орындауына қосылуын қамтамасыз етеді. Ол топтық жұмыс дегеннің не екенін, балаларға әрбір топта және сынып бөлмесінде топтардың қалай орналасуы тиістігін түсіндіреді; жұмыстың жүйелілігі туралы нұсқаулық береді, топ ішінде тапсырмаларды бөледі; балалардың топта орындауы мүмкін қызметтері (рольдері); топтағы жұмыстың жеке нәтижелерін талқылау қажеттілігіне көңіл аударады. Мұғалім оқушыларға топтың әрбір мүшесінің жұмысын серіктестерінің қабылдауына байланысты тәсілдерді хабарлайды:

- жолдасының жауабын мұқият тыңдау, оның толықтығын бағалау;
- материалды мазмұндау логикасына назар аудару;
- жолдасының өз жауабын нақты мысалдармен, дәлелдермен көрсете алуын анықтау;
- жіберілген қателерді сыпайы түзету;
- қажетті елеулі толықтырулар енгізу;
- жауаптың негізделген бағасын беру.

Мұғалім сонымен қатар әрбір оқушы өзінің көзқарасын айқын әрі нақты жеткізуі, басқа қатысушылардың идеяларын талқылау кезінде «жақтаушы» және «қарсы» болуды іріктеу және дәлелдеу үшін маңыздылығын түсіндіреді.

Жұптық жұмысты үш түрде пайдалануға болады:

Статистикалық жұп: рольдерімен алмасып отыратын қалауы бойынша екі оқушыны біріктіреді («мұғалім» - «оқушы»); осылайша өзара жағымды ықылас болған жағдайда мықты және нашар оқушы айналыса алады.

Серпінді жұп: төрт оқушы бір, бірақ төрт бөлігі бар тапсырманы дайындайды; тапсырманың өзіне тиесілі бөлігін орындағаннан және өзіндік бақылаудан кейін оқушы тапсырманы үш рет (әрбір серіктеспен) талқылайды; әрі әрбір жолы ол баяндау жосығы, екпін, қарқынды және т.б. ауыстырып отыру қажет, яғни жолдасының жеке-дара ерекшеліктеріне бейімделу механизмін енгізу қажет;

Түрлендірмелі жұп: топтың әрбір мүшесі өз тапсырмасын алады, оны мұғаліммен бірге талдайды, схема бойынша басқа жолдастарымен өзара оқыту жүргізеді, нәтижесінде әркім оқу мазмұнының өзіндік үлесін меңгереді. [3]

Топтық оқыту технологиясы қандай кезеңдерден өтетінің нақты көрейік:

1. *Ұйымдастыру жұмысы:* сыныпты топқа бөлу, мұғалімнің кеңесшіні таңдауы (кеңесшіні оқушылар өздері де таңдай алады); жұмыстың орындалу ретін түсіндіру, топтар бойынша дидактикалық материалды тарату.

2. *Топтық жұмыс:* материалмен танысу, топтағы жұмысты жобалау, кеңесшінің қатысушыларға тапсырмаларды бөліп беру, тапсырманы жеке дара

орындап, топ ішінде талқылау, жалпы берілген тапсырманы талқылау (ескерпе, қосымша); топтық тапсырманы қорытындылау.

3. *Қорытынды бөлім:* топтағы жұмыстың нәтижесін хабарлау. Жауап берушіні мұғалім немесе кеңесші белгілейді; топтың әр қатысушысының танымдық қызметін саралау (кеңесші); қойылған мақсаттың жету деңгейін жалпы қорытындылау; оқу қызметі жайлы мұғалімнің қосымша ақпараты; топтың әр мүшесін бағалау.[5]

Сабақ барысында мұғалім бірнеше қызметті атқарады: жұмыс барысын қадағалайды, сұрақтарға жауап береді.

География пәні – өзіндік ерекшелігі бар пән. Ол жалпы құрлық – жер бетін, планетамызды, ондағы тіршілік ететін өсімдік – жануарлар дүниесін, жер бедерін, байлығын және өмір сүріп отырған бірнеше мыңдаған ұлттар мен ұлыстардың тіршілігін зерттеп үйрететін ғылым. Сондықтан, география пәні мұғалімі болу деген сөз – кең көлемді, терең білімді, есте сақтау қабілеті күшті, мазмұн – табиғаты терең ұстаз мұғалімдерді талап етуі, әрі осыны қажет етеді. Сабақтың мазмұны, түрі және әдіс – тәсілі оқыту жүйесінде біртұтас бірімен–бірі тығыз байланысты. География пәнінің басқа пәндерден ерекшелігі – мұнда оқушылар өздігінен ізденіп, білім дағдысын толықтыруға әр түрлі суреттер, сызбанұсқалар, карталармен көп жұмыстар жүргізуге ерекше назар аударылады. Олардың пәнге қызығуын арттырудың бір жолы – сабақта жаңа білімді меңгертуде оқушылардың өздерін белсенді қатыстысуы.[4]

Географияны оқытуда көп назар топтық және жеке оқушылармен жұмыс істеуге аударылады, бұл жерде жаңа технология жүйесінде мәнді ойындардың, семинар, дискуссия, баспасөз – конференциясы, лекция, сынақ, топ серуендері, практикалық жұмыстардың маңызы зор. Бұл сабақтарда оқушылардың әр түрлі проблемаларды, оларды шешу жолдарын іздестіруге мүмкіншілік туғызып, олардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, оқуға қызығушылығын арттырады. География сабағында оқушы тек оқулықпен ғана емес, сонымен қатар атласпен, картамен, кескін картамен және *географиялық сөздік, анықтамалық материалдармен жұмыс жасайды.*[4]

Сабақта берілген тапсырмаларды топ ішінде талқылау барысында оқушы өз білгенін өзгеге түсіндіре отырып, өзгенің түсінгенін ой иелегінен өткізу арқылы пікір алмасуы, ойларын толықтыруы, жинақтауы айқын байқалып отырады.

Оқыту сапасын арттыру мақсатында балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, оқуға деген қабілетін, зейін, сөйлеу дағдылары, шығармашылық ойлау сияқты қабілеттерін дамыту өте маңызды. Сыныптағы әр бір оқушы ақпаратты әр түрлі қабылдайды. Оқушылардың қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып, әр сабақты тиімді стратегиялар мен әдіс-тәсілдерді қолдану қажет. Жаңа сабақты түсіндіруде, аудио, бейнемәтіндер болса, қолдану сатысында топтық әдісті қолдану ұтымды болады. Себебі топтар бір –бірлеріне сұрақ қоя алады, бір-бірлерінің жұмыстарын бағалай алады, өз идеяларын ұсынады, соның нәтижесінде біз «оқушының үнін» естиміз.[3]

Топтарды құру тәсілдері

Топтық жұмысты ұйымдастыру кезінде топтарды құруға ерекше көңіл аударған жөн. Жалпы жұмыстың табыстылығы топтың қаншалықты дұрыс әрі сәтті құрылуына байланысты болады. Топтың көлемі алуан түрлі, жұмыстың мазмұны мен сипатына байланысты ол 3-тен 6-ға дейін өзгереді, бұдан үлкен топтарда топтың барлық мүшелерінің белсенді жұмысы қамтамасыз етілмейді. Мысалы:

Қалауы бойынша топ. Қатысушылар топты өздері құрады, бірақ мұндай жұмыстың нәтижесін болжау қиын. Мұндай топтарда психологиялық сәйкестік жоқ, байланыс жақсы, бірақ топтардың күш шамасы және толықтығы әртүрлі.

Кездейсоқ топ. Қатысушылар осы жұмыс үшін ғана бірігеді. Мұндай топтардың сәйкессіздігі дау-дамайға әкелуі және жұмысты мүлдем іске алғысыз етуі мүмкін. Түс, сан және т.б бойынша.

Көшбасшы қалыптастырған топ. Топ құрамы бір текті, өйткені көшбасшы белгілі нәтижеге қол жеткізуге қабілеттілерді таңдайды.

Зодиак белгілері бойынша. Әдетте оқушыларға әсер ететін ерекше шешім. Топтың күш шамасы, топтық өзара әрекеттестікке қатысушылар саны туралы сұрақ ашық күйінде қалады.

Мұғалімнің шешімі бойынша. Мұндай топ құру кезінде социометрия деректеріне сүйенген жақсы. [2]

Топтық және жұптық жұмыстың нәтижелері:

- Топтық, жұптық жұмысты пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі
- Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады
- Олардың әрқайсысының деңгейін анықтай аласын
- Оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік
- Оқушыларды ізденіске баулып, жұппен, топпен жұмыс істеуге үйретеді
- Оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады
- Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген сенімін қалыптастырады.

Топтық жұмыс география сабақтарында өте тиімді, себебі оқушылар өз ойларын жеткізе біледі. Топтық жұмыс өткізген барысында сабақ өте қызықты өтеді. Топтық жұмыс кезінде бәрі қызу жұмыста, біреуі картамен жұмыс жасаса, біреуі қойылған мәселені шешудің жолын іздейді. Топтық жұмыста барлық оқушылардың қызығушылығы артып, жұмылдыра жұмыс жасай біледі. Орташа оқитын оқушы төмен оқитын оқушыларымен ойларын бөлісіп жатады. Ал, дарынды балалар орташа оқитын оқушыларға кеңес бағыт бере отыра көмектеседі. Жаңа әдісті қолданып ұсынған тапсырмаларда оқушылар бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасап, өздеріне ұсынылған тапсырманы орындау жолдарын іздеу барысында топпен шешіп, бір-бірінің көмегіне жүгінеді. Бұдан оқушыларды топтық жұмысқа итермелеу арқылы, әрқайсысы өз қабілеттеріне қарай ойларымен бөлісуге ерікті. Берілген тапсырманы орындау барысында әркім өз идеяларын ортаға тастап, өзара рөлдерге бөліне отырып, берілген уақытты тиімді пайдалануға тырысып отырады. Ал, түсінгендерін топпен

қорғау барысында топтар бір-біріне сұрақ-жауап арқылы кеңінен талқылап отырады. Топтық оқыту технологиясына сыныпты топқа бөлуге болатын дәстүрлі емес сабақтардың түрі де жатады. Мысалы, конференция сабақ, саяхат сабақ, жәрмеңке сабақ, географиялық футбол, біріккен сабақ.[4]

Қорыта келе, топтық әдіспен өткізілген сабақ нәтижелі болу үшін мұғалім сыныпты өте жақсы білу керек (тек білім деңгейін ғана емес, сонымен қатар ұжымда қалыптасқан жеке тұлғалық қарым- қатынасты)..

Топтық жұмыста оқушылар өзін-өзі және өзгені бағалауды үйренеді. Топтық жұмыс барысында оқушылардың өзгеруін аңғаруға болады. Бұл жоба оқушылардың сабаққа белсене қатысуына мүмкіндік береді. Тұйық балалар ашылады, өз ойларымен еркін бөліседі. Әр оқушының топ ішінде міндеті болады, соған байланысты оқушы жауапкершілікке үйренеді. Топпен жұмыс барысында түгел оқушылар қамтылады. Оқушылар жүйелі сөйлеуге, ойын ашық жеткізе білуге, талдау жасауға, еркіндікке үйренеді.

Топтағы жұмыс балаға тек оқуға ғана емес, сонымен бірге өзін көрсетуге көмектеседі, өйткені топта мұғалімнің басты беделі және барлық сыныптың назары жоқ. Өзара сыйластық тәрбиеленеді. Барлығына деген қатынас өзгереді, достық нығаяды, тұлғааралық қарым-қатынас жақсарады, ұжымдағы психологиялық жайлылық орнайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. //Егемен Қазақстан.14 желтоқсан 2010.
2. Иваненко А.М. Современный урок. – М.: Прогресс, 2005. – 256 б
3. «Топтық әрекетте диалогтік оқыту әдісін қолданудың тиімділігі» Әдістемелік құрал, Көкшетау, 2014 ж. Самуратова Р.Т. Деңгейлік бағдарламалар орталығының тренері
4. «География және табиғат» журналы, Алматы,3/2010 жыл
5. «Использование групповых технологий на уроках географии, как средство повышения познавательной активности» мақала; Россия,Московская область,Волоколамский район,д.Кашино МОУ "Кашинская основная общеобразовательная школа, Учитель Глазова Алина Александровна.

Ахметова Э.Б.¹, Есмуратов Е. А.²

1. *Ғылыми жетекшісі, география магистрі, аға оқытушы,*
2. *Студент 4 курста, Жаратылыстану ғылымдары кафедрасы, мамандықтың «География»*

ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫН ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі уақытта «педагогикалық технология» оқытушының практикалық қызметіне іске асатын моделі. Қазір дүние жүзінде оқытудың тиімді жолдары